

**Ақтөбе облыстық мәслихатының
Ш Е Ш І М І**

Ақтөбе қаласы

№456

2019 жылғы 20 қыркүйек

**Облыстық мәслихаттың кезекті
отыз сегізінші сессиясының күн
тәртібі туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабына сәйкес Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Облыстық мәслихаттың кезекті отыз сегізінші сессиясының күн тәртібіне мынадай мәселелер енгізілсін:

1. Облыстық мәслихаттың 2018 жылғы 10 желтоқсандағы №347 «2019-2021 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

*Хабарламашы: Г.Р.Сүйінтаева - экономика және
бюджеттік жоспарлау басқармасының
басшысы*

2. Ақтөбе облысында жерлеудің және зираттарды күтіп ұстау ісін ұйымдастырудың қағидаларын бекіту туралы.

*Хабарламашы: Н.Ж.Иманалин – құрылыс, сәулет және
қала құрылысы басқармасының басшысы*

3. Темір ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы.

*Хабарламашы: Ж.Н.Қалмағанбетов –
Темір ауданының әкімі*

4. Облыс әкімдігінің дербес құрамын бекіту туралы.

5. Облыстық мәслихаттың 2013 жылғы 15 наурыздағы №102 «Облыс әкімдігі жанындағы діни бірлестіктермен байланыс жөніндегі Кеңестің дербес құрамы туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы.

6. Облыстық мәслихаттың 2018 жылғы 10 желтоқсандағы №363 «Облыстық жер комиссиясының ережесін және дербес құрамын бекіту туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы.

7. Г.Ғ.Тұрмағамбетованы Ақтөбе облысы бойынша Тексеру комиссиясының мүшесі етіп тағайындау туралы.

*Хабарламашы: С.Еңсегенұлы - Ақтөбе облысы бойынша
тексеру комиссиясының төрағасы*

8. №7 Зауыт сайлау округінен депутат Т.Ж.Талаеваның депутаттық сауалы туралы.

9. №26 Темір сайлау округінен депутат С.Е.Айтбаеваның депутаттық сауалы туралы.

10. Облыстық мәслихаттың кезекті сессиясының күн тәртібі мен төрағасы туралы.

**Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы**

А. БОЛАТОВ

**Облыстық
мәслихаттың хатшысы**

С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА